

**«ТАРИХ-И АЛЬФИ» ДЕРЕККӨЗІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ
МЕН ДЕШТІ ҚЫПШАҚ БИЛЕУШІЛЕРІ**

Аннотация

Орталық Азия мен Дешті Қыпшақ билеушілерінің Иран, Осман императорлығы және Үндістанмен өзара қарым-қатынастары туралы бірқатар дереккөздерде жазылған. Бір деректерде толыққа жуық деректер қамтылса, кейбір дереккөздерде бұрмаланған, анық емес дереккөздер кездеседі. Ұсынылып отырған мақалада Орталық Азия мен Дешті Қыпшақ билеушілері туралы «Тарих-и альфи» дереккөзінде жазылған деректерге тоқталады. Атап айтқанда, осы дереккөздегі қазақ хан Қасым хан туралы деректерді арнайы қарастырған.

Кілт сөздер: тарих, орта ғасыр, қазақ хандығы, деректану, Орталық Азия, Дешті Қыпшақ, Қасым хан.

Ключевые слова: история, средневековье, казахское ханства, источниковедение, Центральная Азия, Дашт-и Кипчак, Касым хан.

Keywords: history, medieval period, Kazakh khanate, source study, Central Asia, Dasht-i Qipchaq, Qasim khan.

Орталық Азия халықтарының тарихы мен мәдениетін қамтыған парсы тілді дереккөздер көптен бері зерттеліп келе жатқан маңызды тақырып. Маңызды болатын себебі, парсы тілінде жазылған көптеген дереккөздерде Орталық Азияда билік құрған билеушілердің тарихы туралы айтылғанда, Қазақ хандығы мен қазақ хандары туралы мәліметтер ұшырасып отырады. Ортағасырлық парсы тілінде жазған тарихшылар мен жылнамашылар арнайы қазақ тарихын зерттеген немесе арнайы осы тақырыпқа жазғанды мақсат тұтқан деп айта алмаймыз. Десек те Орталық Азияның билеушілері айтылған тұста, әр еңбекте әрқилы көлемде Орталық Азияда ықпалға ие болған Дешті Қыпшақ билеушілерін айналып өтпейді. Парсы тілді дереккөздердің біршамасын бұрындары зерттелген және сол дереккөздердегі қазақ тарихына қатысты мәліметтер аударылып, ғылыми айналымға енген. Бірақ әлі күнге дейін ғылыми айналымға енген парсы тілінде жазылған дереккөздер бар. Солардың бірі ретінде «Тарих-и Сафавие» туралы бұдан бұрын айтылды. Сонымен қатар, «Тарих-и алам арайи Сафавиия» мен «Тарих-и алам арайи шах Исмаил» атты дереккөздер туралы материалдар жарық көрді [Қамбарбекова, 2011, 97-103 бб.]. Жоғарыда аты аталған парсы тілді дереккөздерде сол кездегі Иранда билік құрған Сефевидтер әулетіне қауіп төндірген ортаазиялық Шайбани билеушілері туралы айтылған тұста, Дешті Қыпшақ жерінде үлкен танымалдыққа ие болған қазақтың даңқты ханы Қасым хан туралы тың мәліметтер қамтылғандығын атап көрсеткен болатынбыз [Қамбарбекова, 2011, 99-103 бб.]. Осы мақаламызда парсы қолжазбаларындағы Орталық Азия билеушілері мен Дешті Қыпшақ патшасы ретінде танымал болған Қасым ханға

қатысты тақырыпты жалғастырамыз және әлі күнге дейін отандық ғалымдардың назарына ілікпей жүрген парсы тілінде жазылған жаңа дереккөз туралы ой бөлісетін боламыз.

Бұл жаңа дереккөздің аты – «Тарих-и альфи», яғни «Мыңжылдық тарихы» деп аталады. «Мыңжылдық тарихы» туралы айтпас бұрын, осы еңбек жазылған кезеңдегі тарих жазу дәстүріне және аталмыш еңбектің қандай дереккөздер тобына жататындығы туралы ой бөліскенді жөн санадық.

Орта ғасырлардан бастап, «жалпы тарих», «аймақтық тарих» және «әулеттік тарих» деп кейіннен ғалымдар бірнеше топқа бөліп, тарих жазу дәстүрін қалыптастырды. Бұндай тарих жазу дәстүрі негізінен парсы тілінде жалғасқан болатын. Оған бірінші кезекте парсы тілінің ыңғайлы, баяндау тілінің икемді болуы себеп болса, екіншіден үлкен тарихи шығармалардың Иран жерінде жазылуы себеп болды. Мысалы Ғазан ханның тапсыруымен «Джами ат-тауарих» шығармасы Ғазан ханның Иранда билік еткен тұсында жазылды. Ол үшін арнайы топ құрылып, олардың бір тобы мәлімет жинаумен, бір тобы хатқа түсірумен, қалған тобы көшірумен айналысты.

Міне сондықтан болар, ислам билеушілерінің немесе мұсылман елдері билеушілерінің тарихын қамтыған үлкен тарихи шығармалар: «Тарих-и Рашиди», «Джами ат-тауарих», «Раузат ас-сафа», «Тарих-и Бейхакки», «Тарих-и Хоразм» және т.б. көптеген еңбектер парсы тілінде жазылып, ел арасына тарады. Парсы тілінде жазылған тарихи деректердің ерекшелігі – бірін-бірі қайталайтын, яғни бұрын жазылған деректегі мәліметті кейінірек жазылған дереккөз қайталайтын жері көптігінде. Оған себеп, әрбір тарихшы өзінен бұрынғы тарихшыларға сілтеме жасай отырып, өзі өмір сүрген дәуірдің тарихын кеңірек баяндайтын әдіс-тәсілге сай тарихи еңбектер жазатын болған. Бұндай тарихи шығармаларды ғалымдар зерттеуден қашатын бір кемшілігі – аталмыш еңбектерде ислам пайғамбарынан бергі тарихты, кейде тіпті Адам атадан басталатын тарихты қайта баяндайтындығында. Сонымен қатар, кейбір есімдер мен жер-су аттарын қайта көшіргенде қате жазу жиі кездеседі. Ал, артықшылығы ретінде автор өзі өмір сүрген дәуірдің тарихын мейлінше кеңірек баяндауға күш жұмсайтындығын атап көрсетуге болады. Осындай бір парсы тілінде жазылған, «жалпы тарих» әрі «әулеттік тарих» тобын құрайтын шығарма – «Тарих-и альфи».

«Тарих-и альфи» шығармасы ислам елдерінің жалпы тарихын қамтыған көлемді шығарма. Шығарма атының «Мыңжылдық тарихы» деп аталуының себебі, ислам дінінің пайда болғанынан бергі мыңжылдық тарихты қамтуға арналғандығына байланысты. Шығарма 993/1585 жылы (кейбір деректерде 990/1582) [Ethe, 1903, 50 б.] Жалаладдин Мұхаммад Акбар шахтың (1556-1605) бұйрығымен жазылған [Maulânâ Ahmad, 1956, 14 т.]. Акбар шах билікке келісімен, бір топ сүнни және шиға ғұламалардың басын қосып, ислам дінінің пайда болғанынан бергі мұсылман елдерінің мыңжылдық тарихын жазуға бұйрық береді. Ал, аталмыш еңбектегі тарихи оқиғалар пайғамбар Мұхаммад (с.а.с.) дүние салған жылдан басталады. Бұл шығармаға «Акбарнама» және «Айин-и Акбари» еңбектерінің авторы Абу ал-Фазл Аллаһи алғысөз бен хұтба жазған. Бірақ осы күнге дейін зерттелген қолжазбалардың ешқайсысында танымал тарихшы жазған алғысөз бен хұтба кездеспейді. Соған қарағанда, «Тарих-и альфи» шығармасының ең толық тізімі әлі де табылмаған деп санаймыз. Бізге белгілі жалғыз мәліметке сүйенсек, Абу ал-Фазл Аллаһи «Тарих-и альфи» еңбегіне алғысөз жазғандығы туралы бұдан басқа «Айин-и Акбари» атты шығармасында (Айин-и Акбари, 77/1) жазып қалдырған. [Tatau; Qazvini, 1378, 14 б.].

«Тарих-и альфи» шығармасын бір автор емес, бір топ авторлар жазған. Олар: Ғйиасаддин Нақиб хан Қазвини, Мир Фатхаллах Ширази, Хаким Хумам Гилани, Хаким Әли Гилани, Ибрахим Сирхинди, Қожа Низамаддин Харави, Әбд әл-Қадир Бадауйи, Мулла Ахмад Татауйи. Авторлар тобының жетекшілігін әуелде Ғйиасаддин Нақиб хан

Қазвини басқарса, кейінгі томдарының басшылығын Мулла Ахмад Татауи (кейбір деректерде Маулави Ахмад) мойнына алған.

«Мыңжылдық тарихы» нақты тараулар мен бөлімдерге бөлінбеген. Бірақ нақты жылдары көрсетіліп, сол жылдарда Үндістан, Иран, Мауараннахр, Осман императорлығы мен Мысырда болған басты тарихи оқиғалар баяндалып отырған. Кейде моңғол билеушілері, Бабыр мен оның әулеті және Дешті Қыпшақ билеушілері деген бөлімдер кездеседі. Жалпы тарих тобына жататын басты еңбектер пайғамбардың Меккеден Медине шахарына хижратынан басталса, бұл еңбек Мұхаммад пайғамбардың дүние салған жылынан басталады. Ескеретін жай – «Тарих-и альфи» кітабы Акбар шахтың тапсырысымен жазылса да, негізінен Иран тарихына арналған, сосын барып, Иранмен көршілес елдердегі тарихи оқиғаларды қамтып отырған. Авторлар бұл үлкен шығарманы үш томға бөліп жазған. Олар:

1- Ислам дінінің пайғамбары дүние салған жылдан, Омарлар әулетінің халифаттықтан кетуіне дейінгі аралықтағы жалпы тарих (132/749).

2- Аббастар әулетінің халифаттыққа келуінен, Ғазан ханның патша тағына отырған кезіне дейінгі аралықтағы жалпы тарих (694/1295).

3- Ғазан ханның (1295-1304) таққа отырған кезінен бастап Акбар шах (1556-1605) билігінің 37-жылына дейінгі тарих

«Тарих-и альфи» шығармасының авторлары аталмыш еңбекті жазу барысында, танымал тарихи дереккөздерге сүйенгендігін атап көрсеткен. Олар: «Хабиб ас-сйиар», «Раузат ас-сафа», «Тарих-и Табари», «Раузат ал-ахбаб», «Тарих-и Ибн Касир», «Сйиути», «Сахифат аль-хақайик», «Мелал уа нахл», «Нахж ал-балаға», «Тасхир ал-кавакиб», «Джами ал-асрар» және т.б. еңбектер. Шығарманың тілі жеңіл және қарапайым. Акбар шахтың өзі «Тарих-и альфи» жазылып біткен соң, тағы бір рет оқып шығып, авторларға шығарма тілінің барынша түсінікті болуын қайта тарсырған [Tatauy; Qazvini, 1378, 21 б.].

«Тарих-и альфи» шығармасының қолжазбалары Иран, Үндістан, Пәкістан және Түркия мен Лондон кітапханаларында сақталған. Иранда сақталған толық және толық емес қолжазбаларының саны отыз үшке жуық [<http://www.ghabozorg.ir/search.aspx>].

Мыңжылдық тарихы» шығармасы Иран және Үндістан тарихын зерттеудегі дереккөз ретінде ғалымдар тарапынан зерттелген. Бірақ, бұл еңбек Орталық Азия мен Дешті Қыпшақ тарихын зерттеудегі дереккөз ретінде арнайы зерттелмеген. Орталық Азияға, дәлірек айтқанда Қазақ хандығына қатысты мәліметті бұл еңбектен анықтау шындығына келгенде үлкен қиындық туғызбайды. Соңғы кездері Иранда отан тарихын жаңаша көзқараспен зерттеу жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Сол жұмыстардың нәтижесі ретінде 1378/1997-98 жылы тұңғыш рет баспадан жарық көрген «Тарих-и альфи» еңбегін атап көрсетуге болады [Tatauy; Qazvini, 1378, 867 б.]. Бұл кітапты баспаға әзірлеген ирандық зерттеуші – Сайид Али Але Давуд. Иран кітапханаларында сақталған қолжазбалардың көбісінің беттері толық болмағандығына байланысты, зерттеу жұмысымызды негізінен баспадан жарық көрген «Тарих-и альфи» кітабына сүйене отырып, жасадық. Бұл кітапты оқығанда бір дегенде «Дешті Қыпшақ» оқиғалары атты шағын бөлімге көз түседі. Сондықтан мақаламызда бірінші кезекте Дешті Қыпшаққа қатысты мәліметтерді шолу мен Орталық Азия билеушілеріне тоқталамыз. «Тарих-и альфи» еңбегінде кездесетін Орталық Азия, Дешті Қыпшақ тарихы туралы мәліметтер бұрыннан белгіле мәліметтерден алыс емес, бірақ отандық тарихты тереңінен зерттеуге өзіндік үлесі бар маңызды дереккөз.

«Тарих-и альфи» шығармасының біз қарастыратын томы - соңғы үшінші томының екінші жартысы. Басында үш том болып жазылғанмен, соңғы томы екі бөлек жеткен. Сондықтан біз қарастыратын «Тарих-и альфи» еңбегіндегі тарихи оқиғалар 850/1442-984/1576 жылдар аралығын яғни 134 жылдық тарихты қамтиды.

«Тарих-и альфи» еңбегінің біз қарастыратын үшінші томының екінші бөлігінің ауқымды бабы 876/1458-911/1503 жылдар аралығын қамтиды, яғни ол 208-324 беттер аралығы. Бұл жылдар аралығында Хорасан билеушілері, Сұлтан Хусейн Байқара

әмірлерінің жайы, Мәуереннахр оқиғалары, Моғолстан хандарының ахуалы, Захираддин Бабырдың патшалығы туралы тарихи оқиғалар жазылған. Соның ішіндегі Моғолстан хандарының ахуалы деген жерде қазақтың танымал хандары Керей мен Жәнібекке қатысты бірер ауыз мәлімет кездеседі. Онда былай деп жазылған: *«Сұлтан Махмуд ханның бұл соғыстардан кейін елдің алдында басқаша беделі пайда болды. Мирза Сұлтан Ахмад бейбіт келісімге келмес бұрын, Түркістанды Мұхаммад Мурид Тарханнан [Тоғай Мирза Сұлтан Ахмад болып келетін] алып, ол уалайатты Шейбак ханға жақсы қызметі үшін берді. Осы себепті Керей хан мен Жәнібек хан және Сұлтан Махмуд хан арасында бұрыннан келе жатқан достастыққа сызат түсті. Шейбак хан мен оның [Сұлтан Махмуд хан] арасында дұшпандық болса да, Сұлтан Махмуд хан мен қазақ арасында соғыс болды және екі ретте де Сұлтан Махмуд хан жеңіліс тапты»* [Tatauy; Qazvini, 1378, 274 б.]

Сұлтан Махмуд хан (1464-1508) Ташкент билеушісі Жүніс (Йунус) ханның (1415-1487) ұлы. Әкесі Жүніс хан өлген соң, Ташкенттің билеушісі болған және оның билікте болған кезі 1487-1508 жж. аралығы. Ташкент билеушісі мен қазақ хандарының арасындағы достыққа Ташкент билеушілерінің Шейбак ханға бүйрегі бұрғандығы сызат түсерген. Сұлтан Махмуд хан қазақтардан Шейбак ханға бола жеңіліп, шығынға ұшыраса, олардың бүйрегі бұрған Шейбак хан күннен күнге күшейе түсіп, қысқа уақытта азулы қарсыласқа айналады. Шейбак хан - Әбулхайр ханның немересі Мұхаммад Шайбани хан (1451-1510). Ал, Жәнібек пен Керей бастаған Қазақ ордасы өзінің іргесін тура осы Әбулхайр ханның ұлысынан бөліп шыққан болатын [Мағауин, 1995, 12 б.] Мұхаммад Шайбани хан мен қазақ хандарының арасындағы қарсылық «Тарих-и альфи» еңбегінде кеңінен жазылмағанымен, парсы тіліндегі басқа дереккөздерде кеңірек баяндалған [Рузбихан, 1967 ж.].

«Тарих-и альфи» еңбегінің осы ауқымды бөлімінен кейінгі тарихи оқиғалар нақты тарихи жылы көрсетіліп жазылған. Сондықтан бұдан кейін кездестіретін мәліметтеріміздің үстінде оқиға болған жылдың жылы жазып, көрсетілген. Қазақ хандығына қатысты бір мәлімет 912/1504 жылы болған оқиғалар арасынан кездестіреміз. Тарихи еңбектің авторлары Үндістанда болған оқиғаны баяндай келе, сол «Үндістан оқиғалары» бөлімінің ішінде *«Гужератта Сұлтан Махмуд тәуелсіз билік жүргізді, ал Дешти Қыпшақта, осы жылдары Жәнібек ханның ұлы Қасым хан билеуші болатын»* деп жазады [Tatauy; Qazvini, 1378, 330 б.].

«Тарих-и альфи» еңбегінде отан тарихына қатысты тағы бір қызықты мәлімет «915/1507 жылдың оқиғалары» деген бөлімнен кездеседі. Онда былай делінген: *«Шейбак хан осы жылы Дештинің [Дешти Қыпшақтың] және Жошы ұлысының билеушісі Қасым ханның артынан Сайрам жаққа бет бұрды. Өзінің жанындағы әскерден біраз көп қолды талан-тараж жасап, тонауға аттандырады. Ол кезде Қасым хан алыста деген оймен жіберілген әскер, Қасым ханның беделді әміршілерінің хабар жіберуімен, хабар жібереді. Қасым хан оқиға болған жерге жетіп үлгереді. Ал, тонауға келген қол, шыдас бермей қатты шығынға ұшырайды. Әбден әуре болып, әрі түк тындырмай Шейбах ханға келіп, қосылады»* [Tatauy; Qazvini, 1378, 340-41 бб.]. Осыдан ары қарай, «Тарих-и альфи» еңбегіне сүйенсек, Қасым ханның әскерін солтүстікке қарай аттанғанда, Сайрамды тағы да Шейбак хан өзіне қаратып алса керек. Оны біз 918/1510 жылы орын алған тарихи оқиғалардан оқып, куә боламыз: *«Осы жылдары Дешти Қыпшақ бұрындары айтып өткеніміздей, Қасым ханға қарап тұрды. Осы жылы Қасым хан Дешіден Сайрамға келіп, талқандады да, Ташкентке қарай аттанып кетті. Және сол жылы Сүйінжік хан (түпнұсқа бойынша берілді) Ташкентті Ахмат Қасым-кухтен тартып алған болатын, бекініске тығылды. Және Қасым хан ол уалайаттың айналасын талан-таражға салып, қайтып кетті. Сайид хан Қасым ханның Ташкент уалайатына келгенін естіп, мүмкін оның [Қасым ханның] жәрдемімен Ташкент қаласын Шейбани өзбектерін біржолата қуып шығармын деген оймен, артынан аттанады. Бірақ Сайид хан жеткенше, Қасым хан қайтып кетеді. Сайид хан Қасым ханның артынан Моғолстан уалайатына, Қасым*

ханға жетеді. Ол кезде Қасым хан шамамен жетпіс жаста болатын. Сайид ханға жақсы жолдастық жасайды бірақ, жәрдем жағдайына келгенде, кешірім сұрайды. Сайид хан амалсыз артқа қайтады» [Tatauy; Qazvini, 1378, 357 б.] Одан бір жыл кейінгі оқиғада, яғни 920/1512 жылғы оқиғада Жаркент жақта жиналып жатқан күшке қарсы, Ташкентке Қасым ханды Дештіден шақыртады. Қасым хан Ташкентке келеді, одан ары Әндіжанға, Сайид ханға барады. Сонымен әр жолы Ташкент билеушілерінің, әсіресе Жүніс ханның ұрпақтары Қасым ханнан жәрдем сұрап, оған арқа сүйегендігі туралы мәліметтерді ұшыратамыз. Ал, «Тарих-и альфи» шығармасында Қасым ханның әскері туралы «мың мыңдаған» әскері болды деп жазады. Әрине хандыққа келгені туралы дерек, яғни «1504 жылдары Дешті Қыпшақта Қасым хан билеуші еді» деген мәлімет, тарихшылар айтып жүрген мәліметке тура келмейді. Ресми деректер бойынша, 1511 жылы билікке келген. Ал, енді дүние салған жылы туралы «Тарих-и альфи» еңбегінде Қасым хан өз ажалымен 924/1516 жылы дүние салды. Ал, оның орнына ұлы Қамаш(!) ұлыстың билігіне ие болды» деп жазады [Tatauy; Qazvini, 1378, 386 б.]. Қамаш деп Момыш ханды меңзеп, ал дүние салған жылы бізге белгілі жылдан айырмашылығы көрініп тұр. Әрине, бұл тұста хижри жыл есебін қалай есептеп жүрміз, ол мәселе де бар. Десек те, бір-біріне қайшы келетін мәліметтердің болғаны, ешбір мәліметтің кездеспеуіне қарағанда жақсы деген пікірдеміз. Ары қарай, Қасым ханның ұлы Тахир ханның (Тайыр хан) 928/1520 жылы билікке келгендігі және Қасым ханның мың мыңдаған қолынан түк қалмай, Тахир ханның нашарлығынан тарап кеткендігі баяндалады. Одан ары қарайғы жылдарда Дешті Қыпшақ билеушілері туралы аз айтылып, есесіне Орталық Азия билеушілері туралы кеңінен баяндалады. Барақ ханның қазақтарға қарсы шабуылы мен оған қарсылық көрсеткен қазақ әскері де назардан тыс қалмаған.

Мыңжылдық тарихы еңбегіндегі Орталық Азия мен Дешті Қыпшақ билеушілері туралы айтатын ойымызды қорытындыласақ, ойымызды төмендегідей тұжырымдаймыз:

Мұсылман әлімінде, яғни Үндістан, Иран, Түркия, Мысыр, Қашғария, Орталық Азия елдерінде орын алған маңызды тарихи оқиғалар қатарында Дешті Қыпшақ туралы мәліметтердің кездесуі және «Мыңжылдық тарихы» шығармасына қазақтар туралы мәліметтің енуінің өзі көп жайды аңғартады және сонысымен құнды дереккөз болып табылады. Біз бұл мақаламызда негізінен «Тарих-и альфи» тарихи дереккөзінде қазақ хандары мен Орталық Азия билеушілері туралы мәліметтің бар екендігіне назар аударсақ, алдағы уақыттағы зерттеу жұмысымызда басқа да тарихи мәліметтермен салыстыра отырып, әрбір мәліметті кеңінен таратып беретін боламыз.

Қорытындылай келе айтарымыз, «Тарих-и альфи» секілді назарға іліге бермейтін, маңызды дереккөз емес деп саналатын қолжазбаларды қайта зерттейтін уақыт жетті деп есептейміз. Отандық шығыстану ғылымы үшін әрбір мәлімет маңызды. Ал, бар мәліметтің басын құрап, толыққанды дерекке қол жеткізу қиын да болса, қажет дүние. Олай болса, танымал шығыстанушы ғалымдардың қолжазбалар каталогында кездесетін, атап айтқанда Rieu [Rieu, 1881, p.117], Herman Ethe [Ethe, 1903, p.50] каталогтарында аты аталып, түсі түстелген бұл еңбек ерекше құнды дереккөз. Бұрыннан деректану ғылымына белгілі, Үндістан және Иран тарихы бойынша жалпы тарих топтамасына жататын «Тарих-и альфи» шығармасы тек қана аталған елдердің тарихын зерттеу үшін емес, Орталық Азия билеушілері мен Қазақ хандарын зерттеуде құнды дереккөз. Олай болса, алдағы уақытты, бір кездері зерттелген дереккөздердің қолжазбаларымен қайта жұмыс істеу керектігін, ал қолжазбалар каталогында анықтамасы жазылған көптеген дереккөздерді отандық шығыстанушылар, деректанушылар түпнұсқамен салыстыра отырып, қайта зерттейтін кез келетіндігін көрсетеді.

1 Ғ.Қамбарбекова, 2011 – Ғ.Қамбарбекова. Парсы дереккөздеріндегі Қасым ханға қатысты тың деректер //Археография және деректану ұттық орталығының хабарлары // – Астана.: 2-3/2011, – 97-103 бб.

2 Бұл да сонда, – Ғ.Қамбарбекова. Парсы дереккөздеріндегі Қасым ханға қатысты тың деректер //Археография және деректану ұттық орталығының хабарлары // – Астана.: 2-3/2011. – 99-103 бб.

3 Herman Ethe, 1903 – Herman Ethe. Catalogue of Persian Manuscripts. Volume I. – London.: Oxford University Press, 1903. – p. 50

4 *Tarikh-i Alfî*. Maulânâ Ahmad et al., eds. Selections translated in “History of Ghazni”, *The History of India as Told by its own Historians. The Posthumous Papers of the Late Sir H. M. Elliot*. John Dowson, ed. 1st ed. 1867. 2nd ed., Calcutta: Susil Gupta, 1956, vol. 14. (The *Tarikh-i Alfî*, “Thousand Year History”, is an historical work compiled by a committee appointed by Akbar in 990 H., 1582 CE.)

5 Қ.А.Татауи, А.Қазвини, 1378 – Қази Ахмад Татауи, Асифхан Қазвини Тарих-и Альфи. – Тегеран.: Кульбе - Фикри руз, 1378. – 14 б.

6 Бұл да сонда, 1378 – Қази Ахмад Татауи, Асифхан Қазвини Тарих-и Альфи. – Тегеран.: Кульбе - Фикри руз, 1378 – 21 б.

7 <http://www.aghabozorg.ir/search.aspx>

8 Қ.А.Татауи, А.Қазвини – 1378. Қази Ахмад Татауи, Асифхан Қазвини Тарих-и Альфи. – Тегеран.: Кульбе - Фикри руз, 1378. – 867 б.

9 Бұл да, – 1378. Қази Ахмад Татауи, Асифхан Қазвини Тарих-и Альфи. – Тегеран.: Кульбе - Фикри руз, 1378. – 274 б.

10 Мағауин, 1995 – М. Мағауин. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы.: Қазақстан, 1995. – 12 бет.

11 Рузбихан, 1967 – Фазлаллах Рузбихан. Михман-нама Бухара. – Ташкент.: Фан, 1967.

12 Қ.А.Татауи, А.Қазвини – 1378. Қази Ахмад Татауи, Асифхан Қазвини Тарих-и Альфи. – Тегеран.: Кульбе - Фикри руз, 1378. – 330 бет.

13 Бұл да, 1378 – Қази Ахмад Татауи, Асифхан Қазвини Тарих-и Альфи. – Тегеран.: Кульбе - Фикри руз, 1378. – 340-41 бб.

14 Бұл да сонда, 1378 – Қази Ахмад Татауи, Асифхан Қазвини Тарих-и Альфи. – Тегеран.: Кульбе - Фикри руз, 1378. – 357 б.

15 Бұл да сонда, 1378 – Қази Ахмад Татауи, Асифхан Қазвини Тарих-и Альфи. – Тегеран.: Кульбе - Фикри руз, 1378. – 382 б.

16 Rieu, 1881 – Charles Rieu. Catalogue of the Persian manuscripts in British museum. Volume II, – London.: Gilbert and Bivington, 1881. – p.117

17 Ethe, 1903 – Herman Ethe. Catalogue of the Persian manuscripts in library of the India office. Volume I. – London: Oxford university press, 1903. – p. 50

ADEBYET

G.Qambarbekova, 2011 – G.Kambarbekova. Parsy derekkozderindegi Qasim khangha qatisti tin derekter //Arheographya jane derektanu ulttiq ortaliginin habarlari // - Astana.: 2-3/2011. – 97-103 bb.

Bul da sonda, - 99-103 bb.

Ethe, 1903 – Herman Ethe. Catalogue of Persian Manuscripts. Volume I. – London.: Oxford University Press, 1903. – p. 50

Tarikh-i Alfî. Maulânâ Ahmad et al., eds. Selections translated in “History of Ghazni”, *The History of India as Told by its own Historians. The Posthumous Papers of the Late Sir H. M. Elliot*. John Dowson, ed. 1st ed. 1867. 2nd ed., Calcutta: Susil Gupta, 1956, vol. 14. (The *Tarikh-i Alfî*, “Thousand Year History”, is an historical work compiled by a committee appointed by Akbar in 990 H., 1582 CE.)

- Tatauy; Qazvini, 1378 – Qazi Ahmad Tatauy, Asifhan Qazvini. Tarikh-i Alfi. – Teheran.
Kulbe - Fikriruz, 1378. – 14 b.
Bul da sonda, – 21 b.
<http://www.aghabozorg.ir/search.aspx>
Tatauy; Qazvini, 1378 – Qazi Ahmad Tatauy, Asifhan Qazvini. Tarikh-i Alfi. – Teheran.
Kulbe - Fikriruz, 1378. – 867 bet.
Bul da sonda, – 274 b.
Magauyn, 1995 – M. Magauyn. Qazaq tarihnin alippei. – Almaty.: Qazaqstan, 1995. – 12 b.
Ruzbihan, 1967 – Fazlallah Ruzbihan. Mihman-nama Buhara. – Tashkent.: Fan, 1967.
Tatauy; Qazvini, 1378 – Qazi Ahmad Tatauy, Asifhan Qazvini. Tarikh-i Alfi. – Teheran.
Kulbe - Fikriruz, 1378. – 330 b.
Bul da sonda, – 340-41 bb.
Bul da sonda, – 357 b.
Bul da sonda, – 382 b.
Rieu, 1881 – Charles Rieu. Catalogue of the Persian manuscripts in British museum. Volume II, - London.: Gilbert and Bivington, 1881. – p.117
Ethe, 1903 – Herman Ethe. Catalogue of the Persian manuscripts in library of the India office. Volume I. – London.: Oxford university press, 1903. – p. 50

Резюме

Камбарбекова Галия Амзеевна

Правители Центральной Азии и Дешти Кипчак в источнике «Тарих-и альфи»

В этой статье рассматривается источник «Тарих-и альфи» как источник по истории Центральной Азии и Казахстана. Ранее известный источник со стороны отечественных ученых не был исследован. В нем приведены интересные сведения о Керей хане и Жанибек хане, Касым хане и Мухаммад Шайбани хане и о многих других центральноазиатских правителях.

Summary

Kambarbekova Galiya

The rulers of Central Asia and Deshti Kipchaq in “Tarikh-i alfi”

This article devoted to the Persian written source “Tarikh-i alfi” which is telling us about history of Central Asia and Kazakhstan. This source is well known but, never investigated by Kazakh historians. In this source we can find information about Kerei and Janibek khan, Qasim khan, Muhammad Shaibani khan and more other Central Asian rulers.

Поступила 04.03.2013 г.